



Жанат Қалжанова,
«Ана сәулесі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы:

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ

«Ана сәулесі» қоғамдық бірлестігі көпбалалы аналардың үміт шамына айналды. Оның құрылу тарихы қалай басталды және сізді осы жолға алып келген басты себептер қандай?

Мен көпбалалы аналар қоғамдық бірлестігімен 2007 жылдан бастап тығыз жұмыс істеп келемін. Бастапқыда Республикалық «Ғибрат» көпбалалы аналар қоғамдық бірлестігінің Қапшағай қалалық филиалын басқару міндеті маған жүктелді. Бірлестік қызметі тоқтаған соң, мен біраз уақыт отбасыма көңіл бөліп, жеке жұмыстарыммен айналыстым.

Сонда да көпбалалы аналардың проблемалары мен мұң-мұқтажы әрдайым жүрегімнің түкпірінде тұрды. 2019 жылы бүкіл елді дүр сілкіндірген Астанадағы өрт оқиғасы мені осы салаға қайта оралуға итермеледі. Сол қайғылы түнде бір отбасының бес бірдей баласы ажал құшты. Бұл жағдай көптің қабырғасын қайыстырып, қоғамда үлкен резонанс тудырды. Мен бұрын бірге жұмыс істеген белсенді аналармен қайта байланысқа шығып, ортақ WhatsApp тобын аштық.

Біздің алғашқы қадамдарымыздың бірі – сол қайғылы оқиға құрбандарына арнап еске алу шарасын ұйымдастыру болды. Біз жас көпбалалы аналарды осы топқа жинап, олардың мұң-мұқтажын тыңдадық, бірге алаңға барып гүл шоқтарын

қойып, қоғамның назарын осы мәселеге аудартуға тырыстық. Бұл бір реттік әрекет емес, аналардың бірігу қажеттілігін айқын көрсеткен маңызды қадам еді.

Көп ұзамай біз Қонаев қаласында көпбалалы аналарды қолдау мақсатында ресми ұйым құру қажеттігін түсіндік. Жан-жақтан қолдау білдірген белсенді аналардың арқасында біз 2020 жылы «Ана сәулесі» қоғамдық бірлестігін заңды түрде тіркедік.

Бес жыл ішінде ұйым қандай маңызды жетістіктерге қол жеткізді? Осы уақыт аралығында қанша отбасыға көмек көрсетілді және қандай жобалар жүзеге асты?

Бес жылдың ішінде «Ана сәулесі» қоғамдық бірлестігі ауқымды жұмыстар атқарып, көптеген көпбалалы аналар үшін сенімді тірекке айналды. Бүгінде Қонаев қаласында 1800-ден астам көпбалалы ана бар, олардың 625-і біздің WhatsApp тобымызда отыр. Бұл топ көпбалалы аналар үшін қолжетімді әрі жылдам көмек көрсету алаңына айналды. Әрбір ана өз сұрағын қойып, қолдау табады, қажетті кеңестер алып, қиындықтар-

ды бірлесе еңсеруге мүмкіндік алады.

Ұйымның басты ерекшелігі – ешбір тұрақты демеушісіз жұмыс атқаруы. Біз тек өз күшімізге, көпбалалы аналардың бірлігіне сүйене отырып, мұқтаж жан-дарға қол ұшын созуға тырысамыз. Топ мүшелері қаржылай қолдау көрсетіп, қажетті азық-түлік, киім-кешек және тұрмыстық заттар жинап, мұқтаж отбасыларға көмек жеткізеді. Әрбір ананың қиын жағдайда жалғыз қалмауы – біздің басты мақсатымыз.

Ұйымның көмегі тек Қонаев қаласымен шектеліп қалмайды. Қазақстанның түкпір-түкпірінде қиын жағдайға тап болған көпбалалы отбасылар туралы ақпарат ести салысымен, біз бірден әрекетке көшеміз. Өткен жылы Батыс Қазақстандағы сүтасқыны кезінде көпбалалы аналармен бірлесіп, арнайы көрпешастық тігіп, зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жібердік.

Жыл сайын дәстүрлі түрде «Мектепке жол» акциясы аясында көптеген балаларға оқу құралдары, киім-кешек, мектеп сөмкелері беріледі. 2024 жылы 250 балаға қажетті оқу құралда-



ры табысталды. Бұл игі іске шағын дүкен иелері, демеушілер және ұйым мүшелері үлес қосты.

Жаңа жыл қарсаңында балалар үшін ерекше қуаныш сыйлау мақсатында шырша мерекелері ұйымдастырылады. 2023 жылы балалар санының көптігіне байланысты іс-шара үш кезеңге

бөлініп өткізіліп, 300 бала қамтылды. 2024 жылы бұл көрсеткіш 400 балаға дейін жетті. Әкімдік тарапынан 150 сыйлық бөлінді, ал қалған 250 сыйлықты демеушілер мен ата-аналардың қолдауымен жинадық.

Жалғасы 2 бетте.



БАСПАСӨЗ-2025

Nurly ÓLKE

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ

«Нұрлы өлке» газетіне жазылу
«Қазпоштаның» бөлімшелерінде және
газет редакциясында жалғасады.

Заңды тұлғалар үшін жазылу.

6 айға жазылу..... 4244 теңге

Индекс: 16109

Жеке тұлғалар үшін жазылу.

6 айға жазылу.....2708 теңге

Индекс: 66109

Соңы. Басы 1-бетте.

Ұйым тек әлеуметтік көмектермен ғана шектелмейді, сонымен қатар мерекелік және мәдени іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырады. 8-наурыз халықаралық әйелдер күніне орай аналарға сыйлықтар тарту етіліп, жылы лебіздер айтылып, арнайы шаралар өткізіледі. Наурыз мейрамында қазақ үй тігіп, дастархан жайылып, ұлттық тағамдар дайындалады. Қарттар күнінде ардагер аналарымызды арнайы құттықтап, оларға құрмет көрсетеміз. Ораза айында ауызашар беріп, көпшілікпен бірге игі істерге ұйытқы боламыз.

2024 жылы біз ай сайын топтағы 10 көпбалалы анаға туған күніне орай көрпе сыйлау акциясын өткіздік. Бұл бастама 9 айға жалғасып, жалпы саны 130 көрпе тарту етілді. Сонымен қатар, босануға дайындалып жүрген көпбалалы аналарға тегін бала конвертін сыйға тарту дәстүрге айналды. Кейбірі оны тігін цехынан алып кетсе, кейбіріне арнайы ауруханаларға жеткіздік.

Бес жыл ішінде ұйым талай жетістіктерге қол жеткізді. Көпбалалы аналардың бір-біріне қолдау көрсету арқылы көптеген қиындықтарды еңсеріп, ұйымға деген сенімін нығайтты. Алдағы уақытта біз одан әрі жаңа жобаларды іске асырып, көпбалалы аналарға барынша қолдау көрсетуге тырысамыз.

Көпбалалы аналардың қазіргі ең өзекті мәселелері қандай және сіздердің ұйымдарыңыз бұл түйткілдерді шешуде қандай үлес қосып келеді?

Ең алғашқы мәселе – баспана. Көпбалалы аналардың өз баспанасына қол жеткізуі – басты армандарының бірі. Оны шешу жолында біздің ұйым талмай еңбек етіп келеді. Бұрын жылына небәрі 4-5 үй ғана беріліп келсе, 2024 жылы 85 әлеуметтік осал топтағы отбасы баспаналы болды, ал 2025 жылы тағы 80 үй бөлінді. Солардың ішінде көпбалалы аналарымыз да баспаналы болды.

Екінші мәселе – атаулы әлеуметтік көмекке (АӘК). Бұл – жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен төмен отбасыларға мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау. Дегенмен, көптеген аналар бұл көмекті ала алмай, түрлі қиындықтарға тап болуда. Бұған ең алдымен құжаттардағы сәйкессіздіктер себеп. Бір ананың мекенжай тіркеуі жоқ болса, енді бірінде табыс көлемі белгіленген деңгейден аз ғана асып кеткендіктен, олар мемлекеттік көмектен шеттетіліп жатады. Мен комиссия мүшесі ретінде бұл мәселелерді жақсы білемін және құжат жинау барысында аналарға барынша қолдау көрсетеміз.

Үшінші мәселе – балабақша. АӘК-ке ие болған отбасылардың балалары балабақшаға тегін бара алады. Біз көпбалалы отбасылар үшін де балабақша тегін немесе жеңілдікпен болуын ұсынып келеміз. Бұл жүйе еліміздің ірі қалаларында іске асырылып жатса да, Қонаев қаласының көпбалалы ата-аналары үшін әзірге шешімі табылған жоқ.

«Ана сәулесі» ұйымы тек аналарға ғана емес, жалпы қоғамға көмектесуге ұмтылып келеді. Сіздердің бірлестіктеріңіздің экологиялық акцияларға, қайырымдылық бас-тамаларға және әлеуметтік жобаларға қатысуының маңыздылығы қандай?

Біз республикалық деңгейде өткізілетін акциялардан тыс қалмаймыз. Әрбір бастамаға жан-жақты атсалысып,

қоғамға пайдалы істер жасауға өз үлесімізді қосып келеміз. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылған қалалық сенбіліктерге тұрақты түрде қатысып, өзіміздің азаматтық борышымызды өтеп келеміз.

Бұдан бөлек, қаламызда өтетін барлық әлеуметтік іс-шаралардан шет қалмауға тырысамыз. Әрбір игі істің басында болу – біздің ұстанымымыз. Бұл іс-шараларға белсенді қатысу арқылы біз қоғамның әл-ауқатын жақсартуға атсалысамыз. Ұйымның барлық мүшелері, оның ішінде көпбалалы аналар, өздерінің жеке уақыттарын бөліп, шараларға белсенді араласады.

Ең маңыздысы – біздің қатарымызда қоғамға өз еркімен көмектесуге дайын белсенді жастардың көптігі. Олар өз уақытын аямай, халыққа шын жүректен көмектесіп келеді. Солардың атқарып жатқан істері үшін еңбекақы беру жағын реттеуде жұмыс орындарының санын ұлғайту жағы қарастырылса деген де тілегім бар.

Сіз басқаратын шағын тігін цехы – көпбалалы аналар үшін тұрақты табыс көзіне айналып отыр. Бұл жобаның мақсаты мен оның бүгінгі нәтижелері туралы айтып өтсеңіз.

Мен 2007 жылы қоғамдық бірлестікті ашқан кезде тігін ісін небәрі бір ғана тігін машинасымен бастадым. Бұл машинканы мен Бішкек қаласынан алып келіп, үлкен сеніммен алғашқы қадамымды жасадым. Бастапқыда ақ-жаймалар тігу ісіне ден қойдық, алайда өнімдерімізді өткізу мәселесі оңайға соқпады. Дегенмен, жақсының жақсылығын айту керек, сол кезден бастап Қонаев қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімімен тығыз байланыс орнатып, олардың қолдауының арқасында жұмысымыз біртіндеп алға баса бастады. Әкімдік мерекелік іс-шараларда біздің өнімдерімізді сатып алып, тұрғындарға сыйлық ретінде табыстады. Мысалы, 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай біздің ақжаймаларымыз әйелдер қауымына сыйға беріліп, осылайша біздің еңбегімізге үлкен қолдау көрсетілді.

Бұл ынтымақтастықтың арқасында біз өндірісті кеңейтіп, тігін ісін жүйелі түрде жолға қоя бастадық. Алғашында біз бір ғана тігін машинасымен кезек-кезек жұмыс істеп, әрбір өнімді үлкен ыждағаттылықпен жасадық. Бірі мата кесіп, бірі тігіп, бірі қаптап, кейде түнімен жұмыс істеуге тура келетін. Сол қажырлы еңбектің арқасында бір ғана тігін машинасы уақыт өте келе бірнеше машинаға айналды.

Қазіргі таңда тігін цехымызда 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылған, олардың алтауы – көпбалалы аналар. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі жандар да біздің цехта жұмыс істеп, өз еңбектерімен қоғамға пайдалы қызмет көрсетуде. Біз әрбір жұмысшының әлеуметтік жағдайын ескеріп, тұрақты табыс табуына жағдай жасап отырмыз.

Көпбалалы аналарға арналған ерекше мүмкіндік – үйде отырып жұмыс істеу. Кейбір аналар декреттік демалыста болса да, тігіншілікпен айналысып, өздеріне ыңғайлы уақытта табыс тауып, кәсібилігін арттыруда. Бұл олардың отбасылық міндеттерін орындаумен қатар, өзін-өзі дамытуына үлкен мүмкіндік береді.

Көпбалалы аналарға көрсетілетін қолдау тек қаржылай көмекпен шектелмейді. Олардың өзін-өзі дамытуына, жаңа кәсіптерді меңгеруіне және қоғамда өз орнын табуына қандай жағдайлар жасалып жатыр?

Біздің басты мақсатымыз – олардың өзін-өзі дамытуына, жаңа кәсіп түрлерін меңгеріп, қоғамда лайықты орын табуына мүмкіндік жасау. Осы бағытта бірлестік көптеген жобаларды жүзеге асырып келеді.

2023 жылы біз Алматы облысы бойынша ұйымдастырылған әлеуметтік идеялар мен жобалар байқауына қатысып, «Дәмді түшпара» жобасымен 1 миллион теңге көлемінде грант ұтып алдық. Бұл қаражатқа қажетті құрал-жабдықтар сатып алынып, бүгінде жоба толығымен жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қолдауымен бірнеше көпбалалы ана мемлекеттік грантқа ие болды. Олардың бірі ет өнімдерін өндіруді қолға алса, екіншісі шаштараз ашып, тағы бірі көкөніс сататын дүкен ашты. Бұл жобалар тек аналарға тұрақты табыс көзін ашуға мүмкіндік беріп қана қоймай, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына да ықпал етуде. Біздің мақсатымыз – осындай мемлекеттік қолдау бағдарламаларынан аналарды хабардар етіп, қажетті құжаттарды жинауға, байқауларға қатысуға көмектесу. Әрбір ананың жетістігі – біздің де жетістігіміз.

Қиындықсыз жетістік болмайды. Осы жылдар ішінде ұйым қандай сын-тегеуріндерге тап болды және оларды қалай еңсердіңіздер?

Кез келген істің жолында түрлі сынақтар мен қиындықтар болатыны сөзсіз. Біздің ұйым да көптеген сынақтан өтті. Солардың ішінде ең үлкені – 2023 жылы Алматы облыстық мәслихат депутатығына түсімі болды.

Мен сайлауға қатысу туралы шешім қабылдаған кезде, әкімдік өкілдері маған сайлау нәтижесі алдын ала белгілі екенін және жеңіске жетуім екіталай екенін ескертті. Бірақ мен әділдікке сеніп, халықтың қолдауына арқа сүйеп, бұл қадамға бардым. Сайлау барысында халықпен кездесулер өткізіп, олардың сенімін иелендім. Жоғары дауыс жинағаныммен, өкінішке қарай, әділетсіздік орын алып, жеңіске жете алмадым.

Бұл оқиғадан кейін біздің ұйым «қара тізімге» ілініп, іс-шараларға шақырылмайтын болды, мемлекеттік органдармен қарым-қатынасымыз үзіліп, көптеген есіктер біз үшін жабылды. 2022-2023 жылдары ұйым мүшелері менің қаланың құрметті азаматы атағын алуым үшін бірнеше рет өтініш білдірді, бірақ нәтижесіз болды.

Алайда, кез келген қиындықты еңбекпен төзімділік жеңеді. Өткен жылы басшылықтың ауысуымен бірге, жағдай оңала бастады. Бізді қаланың түрлі шараларына шақырып, әкімдікпен қарым-қатынасымыз қайта қалпына келді. Ең бастысы, «Қонаев қаласының құрметті азаматы» атағына еш өтінішсіз ие болуым – көпжылдық еңбегіміздің мойындалуының айқын дәлелі болды.

Жаңа әкімнің бізге деген көзқарасы да оң болды. Бұрынғы әкімдер келеміз деп сөз бергенімен, келмей қалатын. Ал жаңа басшылық уәдесінде тұрып, тігін цехымызға келіп, кәсіпті қолдауға дайын екенін көрсетті. Мұның барлығы біздің қиындықтарға мойымай, алға жылжуымызға үлкен демеу болды.

Көпбалалы аналар ұйымға қандай үмітпен келеді? Сіздердің тәжірибеңізде сіздерді ерекше шабыттандырған немесе жүрекке жылу сыйлаған оқиғалармен бөліссеңіз.

Біздің ұйымға келетін көпбалалы аналардың басты үміті – қолдау мен түсіністік табу. Олардың әрқайсысы материалдық көмектен бөлек, моральдық қолдауға да мұқтаж. Біз олардың

сенімін ақтау үшін аянбай еңбек етіп келеміз.

Қазіргі таңда көпбалалы аналар біздің бірлестік арқылы мемлекеттен берілетін барлық көмекті алып, әлеуметтік жобаларға қатысып, өздерін дамыту мүмкіндігіне ие болып отыр. Сондықтан, ұйымға мүше аналардың саны күн санап артып келеді.

Біз қалалық әкімдікпен, мешіттермен және басқа да қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс орнатқанбыз. Мәселен, мешіттің қолдауымен біз әлеуметтік осал топтарға азық-түлік алу үшін арнайы сұраныстар жазып, көмек көрсетеміз. Әр ай сайын жағдайы төмен көпбалалы отбасыларға көмек кезекпен беріледі.

Біздің чаттағы аналардың бір ерекшелігі – олар ұйымның тәртібін қатаң сақтайды. Әрбір отбасы кезекпен көмек алып, әділдік принципі сақталады. Мысалы, осы айда көмек алған отбасы келесі айда алмайды, ал жаңа жобалар мен акцияларға бір рет қатысқан балалар келесі жолы басқаларға мүмкіндік береді. Бұл жүйе аналар арасында өзара сенімділікті нығайтып, барлығына тең мүмкіндіктер жасауға көмектеседі. Осындай қатаң тәртіптің арқасында ұйымдағы тәртіп пен үйлесімділік сақталып отыр.

«Ана сәулесі» алдағы жылдары қандай жаңа жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр? Ұйымның болашақтағы мақсаттары мен бағыттары қандай?

Біздің ұйымның алдағы жоспарлары ауқымыды. Жаңа жылдың қарсаңында Алматы облысының барлық қоғамдық ұйымдары жиналып, мен облыстық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымының орынбасары, Қонаев қаласы филиалының төрайымы болып сайландым. Бұл біз үшін үлкен жауапкершілік.

«Асыл ана» ұйымының басты мақсаты – әйелдердің құқықтарын қорғау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жасөспірімдерге дұрыс тәлім-тәрбие беру. Біз болашақта көпбалалы аналардың кәсіпкерлікке бейімделуіне, отбасы мен қоғам арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған жаңа жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз.

Сіз көпбалалы аналардың өмірін жақсы жаққа өзгерту жолында аянбай еңбек етіп келесіз. Осы уақыт аралығында қандай ең маңызды өмірлік сабақ алдыңыз? Көпбалалы аналарға қандай кеңес берер едіңіз?

Өмірдің әр кезеңінде түрлі қиындықтар кездеседі, бірақ ең бастысы ешқашан берілмеу керек. Мен өзім 28 жасымда төрт баламен жалғыз қалдым. Сол кезде өзімді жоғалтпай, алға ұмтылудың маңыздылығын түсіндім.

Көпбалалы аналарға айтар ең басты кеңесім – ешқашан мойымау, өмірдің әр сәтінен күш-қуат таба білу. Еңбек ету, бір-біріне қолдау көрсету арқылы кез келген қиындықты жеңуге болады. Біздің ұйым дәл осы қағидамен жұмыс істеп келеді. Қоғам көпбалалы аналар мемлекеттің берік тірегі екенін ұмытпаса деймін.

Біздің мақсатымыз – көпбалалы аналарға тек көмек көрсету ғана емес, олардың өздерін сенімді сезініп, қоғамның толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік жасау. Алдағы уақытта да біз осы бағытта жұмыс істей бермекпіз.

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Биыл халықты әлеуметтік қамсыздандыру саласына 1 млрд. 87 млн теңге көзделіп отыр. Оның ішінде АЭК төлеу, тұрғын үй көмегі, мұқтаж жандарды гигиеналық жабдықтармен қамту, жәрдемақылар, біржолғы әлеуметтік көмек, мүгедектігі бар адамдарға үйде әлеуметтік көмек көрсету, азаматтардың жекелеген санаттарын қоғамдық көлікте жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау сияқты бағыттар қарастырылған. Сондай-ақ әлеуметтік осал топтағы азаматтар үшін пәтерлер сатып алынады.

Инфрақұрылымды дамыту бойынша жоспар:

- Ауылдарда бағдаршамдар, жол белгілері орнатылады

- 10-шы шағынауданда учаскелік полиция пунктін салуға, қаңғыған иттер мен мысықтарға уақытша ұстау пунктін салуға жобалық-сметалық құжаттама әзірленеді

- 8-10-шы шағынауданның жолын күрделі жөндеу жұмысы жалғасады. Қала көшелеріне 35 дана аялдама орнатылып, ағымдағы жөндеу жасалады. Сонымен қатар жолаушылар тасымалдау шығындарын субсидиялауға 335 млн. 624 мың теңге бөлінді

- Қонаев қаласын әлеуметтік-экономикалық дамыту жоспарына сәйкес, 2025 жылы 56 жобаның құжаттамаларын әзірлеу жұмысы жалғасады. Бірқатар жоба мемлекеттік сараптамадан өтеді деп жоспарлануда. Оның ішінде сумен қамту, абаттандыру, жылумен және электр энергиясымен қамту, жолдарды күрделі жөндеу жобалары қарастырылған

- 60 пәтерлік тоғыз тұрғын үй мен 50 пәтерлік тұрғын үйдің жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу аяқталады

- Қаланың детальды жобасы әзірленеді

- «Халық қатысатын бюджет» жобасы биыл да жалғасын табады. 32 тұрғын үйдің қасбеті мен шатыры жөнделеді. Қаладағы ағаштар мен гүлдерді, газондарды суару

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ ЖЫЛ ЖОСПАРЫМЕН БӨЛІСТІ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ӘКІМДІКТІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.



жүйесін жаңарту үшін жоба дайындалады. Тұрғындар демалатын бірқатар орынға шағын сәулеттік нысандар қойылады

- Самал, Ардагер шағынаудандарына инженерлік желілерді тарту жұмысы жалғасады

- Бірнеше трансформатор ауыстырылып, 1000 В дейінгі және одан жоғары қуатты электр желілеріне ағымдағы жөндеу жасалады.

Мәдениет және спорт

«Қонаев әуендері» ансамблін құру жоспарлануда. Мәдениет үйінің штаттық бірлігі кеңейтіледі. Қонаев қаласының 55 жылдығы кең көлемде аталып өтеді. Дене шынықтыру және спорт орталығының қызметін қамтамасыз етуге 23 млн. 468 мың теңге бөлініп отыр.

Ауыл шаруашылығы

Ауыл шаруашылығы саласы бойынша

ауылдарға жұмыс істеуге және тұруға келген 25 маманға 393 мың 200 теңгеден көтерме жәрдемақы төлеуге 9 млн. 830 мың теңге, 10 маманға тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік кредиттер беруге 78 млн. 640 мың теңге бөлінді.

Қонаев қаласының әкімдігі ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған тапсырмаларды орындау бағытындағы жұмысын тұрақты түрде жалғастырады.

«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ»

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ЕЖЕЛДЕН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАНЫП, ДЕНСАУЛЫҚҚА АСА МӘН БЕРГЕН. ОНЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДАН ДА АҢҒАРУҒА БОЛАДЫ. ӨТКЕНГЕ КӨЗ САЛСАҚ, БОЗБАЛА ДА, ҚЫЗ БАЛА ДА ЖАСТАЙЫНАН АТТЫҢ ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАУҒА БЕЙІМДЕЛГЕН. ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДАН ТӘЖІРИБЕ МЕН ТӘСІЛДІҢ ЕРКІНДІГІ, ТАПҚЫРЛЫҚ ПЕН БОЛЖАМНЫҢ ҚИЙЛЫСАТЫН ШЕБІ, МҰРАТ ПЕН МЕЖЕНІҢ ТОҒЫСҚАН ШЕҢБЕРІ АНЫҚ КӨРІНЕДІ.

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, заманымыздың аса көрнекті жазушысы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен — ұзақ жылдарында, өздері қызықтаған алуан ойын өнері бар ғой, ойын деген, менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», — деп тегін айтпаса керек.

Ұлт ойындары — ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгі байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор.

«Заречный ауылындағы кәсіптік — техникалық колледжінде» білім алушылардың мәдениетін көтере отырып, ертеңге барар жолда рухани әсемдік және дене тәрбиесінің маңызын нығайту

бағытында атқарылып жатқан істер біршама. Соның бірі, 16 қаңтар күні қазақ халқының ұлттық ойындарын жаңғырту арқылы қазіргі заман талабына қарай білім алушылардың қимыл қозғалыс дағдыларын жетілдіру, ұлттық ойындарға қызығушылықты, сүйіспеншілікті дамыту, ойындар арқылы төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу, дене тәрбиесімен айналыса отырып, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу, мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында «Ұлттық ойын — ұлт қазынасы» тақырыбында білім алушылар арасында жарыс ұйымдастырылып, өткізілді. Студенттер жарысқа белсене қатысты. «Асық ату», «Тоғызқұмалақ» секілді қазақтың ұлттық ойындарын ойнады. Жарыс барысында ұлттық ойындарға қатысушылардан ептілікті, өжеттілікті, шапшаңдылықты, тап-

қырлықты талап етті. Жарысқа қатысушылар алдарына қойылған мақсаттарды орындап, жетістікке жетті. Тартысты өткен жарыстың қорытындысы бойынша жеңімпаздардың барлығы колледж директорының атынан дәрежелі дипломдарымен марапатталды. Ұйымдастырылған іс-шара студенттердің ұлттық ойындар мен спорт түрлеріне деген қызығушылықтарын артып, патриотизмі мен мәдени-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеуге ықпал етті, олардың шығармашылық қабілеттерін оятып, алдағы өмірлерінде ұштаса береді деген ойдамын.

Ойын — ой-өрісті дамытады. Түрлі ойын барысында ой өтімділігі мен сөз өткірлігі, шеберлер өз мәртебесін мойындаып жатады. Ойын серіктесті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Онда адам қарсыласының олқы және оң жақтарын дұрыс



анықтауға ерекше мән береді. Әр ойынның астарында тәрбие жатыр. Ұлттың тұғыры мықты болуында ұлттық ойындардың ұмытылмай ойналып тұруы да өз үлесін қоспақ.

Ұлтымыздың асыл қазынасы болған ұлттық ойындарымызды жоғалтып алмай, ұрпақтан-ұр-

паққа жетуін насихаттау, халқымыздың, баршамыздың міндетіміз деп білейік.

«Заречный ауылындағы кәсіптік — техникалық колледжінің» дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы Мамырбаева Айгуль Умирзаковна

«АЙША СИТИ» – ЗАҢДЫ САУДАНЫҢ ЖАҢА АЛАҢЫ

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «АЙША СИТИ» БАЗАРЫНДА АЛҒАШҚЫ ЖӘРМЕҢКЕ ӨТТІ. БҰЛ ШАРА БҰРЫН РҰҚСАТ ЕТІЛМЕГЕН ОРЫНДАРДА САУДА ЖАСАҒАН КӘСІПКЕРЛЕР ҮШІН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРДІҢ БАСТАУЫ БОЛДЫ. ҚАЛА ӘКІМДІГІНІҢ КӘСІПКЕРЛІК БӨЛІМІ АБАЙ КӨШЕСІНДЕ ЗАҢСЫЗ САУДА ЖҮРГІЗІП КЕЛГЕН САТУШЫЛАРМЕН КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗІП, ОЛАРДЫ АРНАЙЫ БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНҒА – «АЙША СИТИ» БАЗАРЫНА КӨШІРУ ЖӨНІНДЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ.

«Айша сити» базары Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 8 ақпандағы №59 қаулысына сәйкес стационарлық емес бөлшек сауда орны ретінде бекітілген. Бүгінде мұнда әрқайсысы 25 шаршы метр аумақты қамтитын 36 дүңгіршек орнатылып, базардың санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай болуын қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Қаланың даму жоспарына сәйкес, Абай көшесін абаттандыру жоспарланып отыр.

Жаңа сауда орнының ашылуына орай, «Айша сити» базарында алғаш-

қы ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеде Алматы облысының фермерлері сүт, ет өнімдері және әлеуметтік маңызы бар азық-түліктерді ұсынды. Бағалар нарықтағыдан төмен болғандықтан, тұрғындар үлкен қызығушылық танытып, жәрмеңкеге ағылып келді.

Жәрмеңкеге келген тұрғындардың бірі Алмагүл апаның айтуынша, бұл бастама қала халқы үшін тиімді әрі қауіпсіз болмақ. «Абай көшесіндегі сауда орындарының ешқандай құжаты да, сертификаты да жоқ еді. Онда сатылатын өнімдердің сапасына еш-



кім кепілдік бермейді. Ал жаңа базарда барлық санитарлық талаптар сақталады. Мұнда күнделікті тұтынатын өнімдерді қолжетімді бағамен сатып алу мүмкіндігі бар. Сондықтан көшедегі заңсыз сауданың реттелгені дұрыс деп есептеймін,» – дейді ол.

Қала әкімдігі базарға көшіру жұмыстарын әрі қарай да жалғастырып, стихиялық сауданың алдын алу шараларын күшейтуді жоспарлап отыр.

Бұл қадам Қонаев қаласының сәулеттік келбетін жақсартуға және қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қала билігі кәсіпкерлерді заң аясында жұмыс істеуге шақыра отырып, жаңа сауда орнының тұрғындар үшін ыңғайлы әрі сапалы қызмет көрсетуін қамтамасыз етуді көздейді.

Ерлік Кебекбай

2025 ЖЫЛДЫҢ 20 ҚАҢТАРЫНДА ҚАДЫРҒАЛИ ЖАЛАЙЫР АТЫНДАҒЫ №6 ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕРІМЕН «МЕН ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚ» АТТЫ КЕЗДЕСУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. КЕЗДЕСУГЕ 1-2 ЖЫЛ БҰРЫН МЕКТЕПТІ БІТІРГЕН ТҮЛЕКТЕР ҚАТЫСЫП, ӨЗ ТӘЖІРІБЕЛЕРІМЕН БӨЛІСТІ.



МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІ ОҚУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Іс-шараның басты мақсаты – әртүрлі мамандықтардың ерекшеліктерімен таныстыру, түлектердің жеткен жетістіктері туралы тыңдап, оларды оқытқан ұстаздары жайлы естеліктерімен бөлісу және қазіргі оқушылармен еркін сұхбат құру.

Кездесу барысында түлектерді мектеп оқушылары ыстық ықыласпен қарсы алды. Туған мектебіне қайта оралған түлектер оқу ордасындағы өзгерістер мен жаңалықтарды байқап, өздерінің оқушы кезіндегі қызықты сәттерін еске алды. Олар мектеп бітіргеннен кейінгі жаңа өмірге бейімделу, жоғары оқу орындарына түсу және түрлі салада маман болып қалыптасу жолдарын баяндады.

Оқушылар түлектерге көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, болашаққа деген жоспарларын айқындауға көмектесетін маңызды кеңестер

алды. Өз кезегінде түлектер қазіргі таңда оқып жатқан оқу орындары туралы толық ақпарат беріп, оқу барысында қарастырылған жеңілдіктер мен материалдық-техникалық базасы жайында бөлісті. Сонымен қатар, ҰБТ-ға тиімді дайындалу жолдарына қатысты пайдалы кеңестерін айтып, мектеп бітіруші түлектерге жоғары балл жинауға сәттілік тіледі.

Кездесу барысында оқушылар түлектерге арнап жүрекжарды өлең шумақтарын оқып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Шара әсерлі әрі мазмұнды өтті, түлектер өткен қызықты сәттерін еске алып, өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, болашақ мамандық таңдау жайлы өз ойларымен бөлісті.

Іс-шараны ұйымдастырушы: педагог-ұйымдастырушы Г.Ж. Етекбаева

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – БҰЛ ЖЕДЕЛ ҚАРСЫЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ ҚҰБЫЛЫСЫ

БҮГІНГІ ТАҢДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАРМЕН ҚАТАР ӨТКІР ТҮР. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ-БҰЛ ҮНЕМИ МҰҚИЯТ ЗЕРДЕЛЕУДІ, ЖҮЙЕЛІ КӨЗҚАРАСТЫ, КЕШЕНДІ ЖӘНЕ ЖЕДЕЛ ҚАРСЫЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ ҚҰБЫЛЫСЫ. ЕЛІМІЗДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ДЕҢГЕЙІ МЕН АУҚЫМЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫ ТЕЖЕЙДІ, ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛҒА ТЕРІС ӘСЕР ЕТЕДІ ЖӘНЕ ЕЛІМІЗДІҢ ИМИДЖІН ТӨМЕНДЕТЕДІ.



Қазіргі әлемде сыбайлас жемқорлық кез-келген қоғамда, кез-келген мемлекетте орын алады. Оның мүлдем жоқтығын айта алатын елдер жоқ.

Әлемнің барлық мемлекеттері сыбайлас жемқорлыққа тап болады. Сонымен қатар, қазіргі жағдайда сыбайлас жемқорлық біртіндеп мемлекетішілік проблемадан жаһандық проблемаға айналуда. Қазір барлық елдер, соның ішінде ең озық елдер, жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өз үлгілерін қайта қарауда, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті қатандату туралы жаңа заңдар мен нормаларды қабылдауда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жыл сайын Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында жарияланады. 2023 жылғы 01 қыркүйекте Президент өзінің «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барлық бағыттар бойынша жаңа серпін беру қажеттігін атап өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте әрекетсіздік азаматтардың наразылық сезімдері мен құқықтық нигилизмнің өсуіне әкеледі.

Біздің мемлекет сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және алдын алу бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде.

Біздің елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпымемлекеттік мәртебе берілгендіктен, сыбайлас жемқорлық көріністерінің жолын кесу және шектеу бойынша қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп үлкен жұмыс жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызды әдістерінің бірі-моральдық тарап үлкен рөл атқаратын заңды сақтау. Өйткені, тәкаппар адам заңдарды бұзбайды. Жалпы айтқандай, егер сіз әлемді өзгертіңіз келсе, өзіңізді өзгертіңіз. Бұдан шығатыны, егер әрбір азамат әрқашан өзінен бастаса, мысалы, өз міндеттерін адал және әділ орындаса, онда сыбайлас жемқорлық азаяды.

Осылайша, сыбайлас жемқорлықты жою үшін бүкіл қоғам күресуге тиіс.

Сонда ғана біздің еліміз сыбайлас жемқорлық жоқ әлемдегі мемлекеттердің біріне айналады.

ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау департаментінің Әдеп жөніндегі уәкілі, бөлім басшысы А.Нугманов

ЗИМНИЙ ДРИФТ-ШОУ В КОНАЕВЕ: ЭКСТРЕМАЛЬНОЕ ВОЖДЕНИЕ, ГОРЯЧИЕ ЭМОЦИИ И ТЕПЛЫЙ ПРИЕМ ГОСТЕЙ



В ТУРИСТСКО-СПОРТИВНО-РАЗВЛЕКАТЕЛЬНОМ КОМПЛЕКСЕ ASP ARENA В ГОРОДЕ КОНАЕВ СОСТОЯЛОСЬ МАСШТАБНОЕ ЗИМНЕЕ ДРИФТ-ШОУ, СОБРАВШЕЕ ПРОФЕССИОНАЛЛОВ АВТОСПОРТА И ПОКЛОННИКОВ СКОРОСТИ СО ВСЕГО МИРА. МЕРОПРИЯТИЕ СТАРТОВАЛО 16 ЯНВАРЯ И ЗАВЕРШИЛОСЬ 20 ЯНВАРЯ ФИНАЛЬНЫМИ ЗАЕЗДАМИ, СТАВ НАСТОЯЩИМ ПРАЗДНИКОМ ДЛЯ АВТОЛЮБИТЕЛЕЙ. ДЛЯ ПРОВЕДЕНИЯ СОРЕВНОВАНИЙ БЫЛА ПОДГОТОВЛЕНА УНИКАЛЬНАЯ ЛЕДОВАЯ ТРАССА ПЛОЩАДЬЮ 20 600 КВАДРАТНЫХ МЕТРОВ, КОТОРАЯ ЯВЛЯЕТСЯ КРУПНЕЙШЕЙ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ. ЭТО ПОЗВОЛИЛО УЧАСТНИКАМ ПРОДЕМОНСТРИРОВАТЬ МАСТЕРСТВО УПРАВЛЕНИЯ АВТОМОБИЛЯМИ НА СЛОЖНОЙ СКОЛЬЗКОЙ ПОВЕРХНОСТИ, ВЫПОЛНЯЯ ЭФФЕКТНЫЕ ДРИФТОВЫЕ МАНЁВРЫ И ЭКСТРЕМАЛЬНЫЕ ПОВОРОТЫ НА ВЫСОКОЙ СКОРОСТИ.

На мероприятие съехались гонщики и зрители из разных стран мира. Среди участников – опытные дрифтеры, уже рекомендовавшие себя на международной арене, а также молодые перспективные пилоты, стремящиеся покорить сложную ледовую трассу. Участники отметили высокий уровень организации и качество подготовки трассы, что сделало соревнования по-настоящему зрелищными и безопасными. Для гостей шоу были созданы комфортные условия: работал современный ресторан с разнообразным меню, предлагавший блюда на любой вкус. Зрителям предлагались бесплатные горячие напитки – чай и кофе, чтобы согреться в морозную погоду и насладиться соревнованиями в уютной атмосфере. Удобные трибуны, рассчитанные на 3200 зрителей, позволили всем желающим в полной мере насладиться эффектными заездами.

Соревнования проходили в двух категориях: индивидуальный и командный зачёт, а за победу боролись сильнейшие дрифтеры. Общий призовой фонд составил 1000 долларов США для победителя в индивидуальном зачёте и 2000 долларов США для лучшей команды. Борьба была напряжённой, и пилоты до последнего круга демонстрировали высокую

технику и мастерство вождения на льду. Финальные заезды вызвали шквал эмоций у зрителей, которые не скупилась на поддержку и аплодисменты.

После завершения дрифт-шоу гостей ожидала масштабная музыкальная программа AFTERPARTY. Главными хедлайнерами вечера стали известные исполнители Нигатив и V\$XV PRINCE, которые порадовали зрителей своими выступлениями и подарили незабываемые эмоции. Музыка, драйв и дружеская атмосфера завершили день яркими впечатлениями.

В рамках мероприятия акимат города Конаев совместно с управлениями образования, спорта и социальной защиты организовал бесплатный каток для 500 детей. Это позволило юным жителям города бесплатно насладиться зимними развлечениями и принять участие в спортивных активностях. Мероприятие стало настоящим праздником не только для взрослых, но и для детей, которые получили возможность приобщиться к активному отдыху.

Туристический информационный центр Visit Alatau также подготовил для гостей увлекательную викторину, где каждый мог проверить свои знания и выиграть ценные призы. Атмосфера дружелюбия и позитива царил на протяжении всего мероприятия,

несмотря на морозную погоду. Организаторы отметили, что подобные события помогают раскрыть туристический потенциал региона и привлечь новых гостей.

ASP Arena является одним из крупнейших инвестиционных проектов Конаева. Комплекс включает гостиницу, ресторан, картинг, ледовую арену и трибуну на 3200 мест. Общая площадь объекта составляет 63 гектара, а объём привлечённых инвестиций достиг 8,1 млрд тенге. Проект играет важную роль в развитии автоспорта и туризма в регионе. По словам инвесторов, стоимость одного дня пребывания, включая проживание, посещение ледовой арены, ресторана и картинга, составляет 35 000 тенге. Это делает отдых доступным и привлекательным для широкой аудитории.

Прошлым летом на ASP Arena уже проводились дрифт-шоу и рок-фестиваль, которые привлекли множество гостей из разных уголков Казахстана и зарубежья. Организаторы планируют и в дальнейшем проводить масштабные мероприятия, способствующие развитию автоспорта и привлечению туристов в регион.

Зимнее дрифт-шоу в Конаеве стало значимым событием, объединяющим спорт, туризм и развлечения. Гости и участники получили незабываемые эмоции, а организаторы выразили уверенность в том, что в будущем такие мероприятия станут традицией и будут привлекать ещё больше поклонников автоспорта и активного отдыха.

Назерке Инакынова



АКИМ ОБЛАСТИ ОЗНАКОМИЛСЯ С КЛЮЧЕВЫМИ ПРОЕКТАМИ КОНАЕВА

ПЕРВЫМ ОБЪЕКТОМ, КОТОРЫЙ ПОСЕТИЛ АКИМ, СТАЛ ТУРИСТИКО-СПОРТИВНЫЙ КОМПЛЕКС ASP ARENA, ПРЕДНАЗНАЧЕННЫЙ ДЛЯ ПРОВЕДЕНИЯ СПОРТИВНЫХ И КУЛЬТУРНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ. МАРАТ СУЛТАНГАЗИЕВ ОТМЕТИЛ ВАЖНОСТЬ ЭТОГО ПРОЕКТА, ПОДЧЕРКНУВ, ЧТО КОМПЛЕКС ЯВЛЯЕТСЯ ЯРКИМ ПРИМЕРОМ УСПЕШНОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ СПОРТА, КУЛЬТУРЫ И ТУРИЗМА, ЧТО СПОСОБСТВУЕТ СОЗДАНИЮ НОВОГО ЦЕНТРА ПРИТЯЖЕНИЯ ДЛЯ ЖИТЕЛЕЙ И ГОСТЕЙ ГОРОДА. ПО СЛОВАМ АКИМА, ASP ARENA ОТКРЫВАЕТ ПЕРЕД ГОРОДОМ КОНАЕВ НОВЫЕ ПЕРСПЕКТИВЫ ДЛЯ РАЗВИТИЯ МОЛОДЕЖНОГО СПОРТА И АКТИВНОГО ОТДЫХА.

Далее аким области посетил строительную площадку многофункционального образовательного центра, где ему был представлен ход строительных работ. Центр, который разместится на площади более 3000 квадратных метров, объединит современные учебные заведения и офисные помещения. Проект направлен на расширение образовательных возможностей для молодежи, а его завершение запланировано на второй квартал 2025 года.

В ходе визита особое внимание было уделено развитию городской рекреационной инфраструктуры. Марат Султангазиев осмотрел территорию пляжа №6, где в настоящее время ведутся работы по модернизации. Аким отметил, что обновленный пляж станет одним из самых популярных мест для отдыха горожан

и гостей региона, подчеркнув важность создания комфортных условий для населения.

Еще одним важным пунктом рабочей поездки стал пляжный комплекс «Алматы демалыс», который проходит масштабную реконструкцию. Новый проект предусматривает создание курортного комплекса, соответствующего международным стандартам.

Подводя итоги рабочего визита, Марат Султангазиев отметил, что Конаев обладает значительным потенциалом для комплексного развития. По его словам, каждый реализуемый проект, будь то образовательные учреждения, туристические объекты или зоны отдыха, представляет собой важный шаг на пути к улучшению качества жизни населения региона. Аким поручил ускорить ре-



ализацию запланированных проектов и подчеркнул необходимость строгого контроля за качеством выполняемых работ.

Рабочий визит акима области стал важным шагом в развитии городской

инфраструктуры, позволяя оценить текущее состояние реализации проектов и наметить дальнейшие планы по развитию областного центра.

Дина Амирова

ЖАНУАЛАРДЫҢ БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫ

БРУЦЕЛЛЕЗ – АДАМ МЕН ЖАНУАРЛАРДА КЕЗДЕСЕТІН ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУ. БҰЛ АУРУ НЕГІЗІНЕН МАЛДАРДАН ЖҰҒАДЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТЕКСЕРУМЕН ЕМДЕУДІ УАҚЫТЫНДА ЖҮРГІЗБЕГЕН ЖАҒДАЙДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА АЙТАРЛЫҚТАЙ ЗИЯН КЕЛТІРУІ МҮМКІН. ӘСІРЕСЕ, ҚОЙ, ЕШКІ, ІРІ ҚАРА ЖӘНЕ ШОШҚАЛАРДА ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ. АУРУДЫ АДАМҒА ТАСЫМАЛДАЙТЫН ИНФЕКЦИЯ ҚОЗДЫРҒЫШЫ – BRUCELLA БАКТЕРИЯЛАРЫ.

Аурудың таралу жолдары мен белгілері

Бруцеллездің негізгі таралу жолы – жануарлардан адамға тікелей немесе жанама жолмен жұғуы. Бұл бактериялар жануарлардың сүті, етінің шикі бөлігі, терісі, қанымен және жыныстық жолмен бөлінетін сұйықтықтармен тарайды. Адамдар, әсіресе ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін адамдар, малды ұстаушылар мен ет өңдеушілер инфекцияны жұқтыруы мүмкін.

Жануарларда аурудың белгілері әртүрлі болуы мүмкін, бірақ көбінесе төлдеу қабілетінің төмендеуі, малдардың жүдеуіне және жалпы әлсіздікке алып келеді. Ұрғашы малдарында аборттар мен еркек малдарында стерильділік байқалады. Бұдан бөлек, бруцеллез жұққан малдарда

дене қызуының көтерілуі, артрит және ішек аурулары да жиі кездеседі.

Адамдардағы белгілері мен қауіптілігі

Адамдардағы бруцеллез симптомдары тұмау тәрізді басталады. Қызба, тершеңдік, әлсіздік, бас ауыруы және бұлшық еттерінің ауыруы байқалады. Бұл инфекция созылмалы түрге өтіп, түрлі асқынуларға әкелуі мүмкін, мысалы, сүйектер мен буындардың қабынуы, бауыр мен көкбауырдың ұлғаюы, жүйке жүйесіне зақым келуі.

Профилактика және бақылау

Бруцеллезге қарсы күресте алдын алу шараларының маңызы зор. Жануарларды тексеру, вакцинациялау және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау –



негізгі профилактикалық шаралар болып табылады. Сонымен қатар, мал шаруашылығы өнімдерін тұтынғанда олардың толық термиялық өңдеуден өткеніне көз жеткізу қажет.

Ауыл шаруашылығында малдарды бақылау, оларды жүйелі түрде тексеріп, қажетті ем-домдарды уақытында көрсету бруцеллездің таралуын айтарлықтай азайтуға көмектеседі.

Қорытынды

Бруцеллез – жануарлар мен адамдар үшін қауіпті инфекциялық ауру. Онымен күресу үшін бірлескен жұмыстар мен нақты шаралар қажет. Жануарлар мен адамдардың денсаулығын қорғау мақсатында барлық деңгейде тиісті профилактикалық іс-шараларды қолға алу маңызды.

Қонаев қаласының ветеринариялық бөлімі

ҚОНАЕВТЫҚ ОҚУШЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТА ҮЗДІК АТАНДЫ



Дубайда өткен «Oceanman» халықаралық ашық суда жүзу жарысында 7 жасар қазақстандық спортшы Дмитрий Крем-

пин күміс медаль жеңіп алды. Қонаев қаласының жас тұрғыны 500 метрлік қашықтықты бағындырып, жүлделі екінші орынға ие болды. Бұл беделді жарысқа әлемнің 20 елінен келген 4 пен 17 жас аралығындағы 100-ден астам жас спортшы қатысты. Дмитрий үшін бұл алғашқы ірі халықаралық дода болса да, ол өз шеберлігін көрсетіп, Қазақстанның намысын лайықты түрде қорғады. Оны жеңісімен қала әкімі Асхат Бердіханов құттықтап, ақшалай сыйлықпен марапаттады.

Дмитрийдің жүзуге деген қызығушылығы 5 жасынан басталған. Қазіргі таңда ол Қонаев қаласындағы «Айдария» бассейнінде жаттығып жүр. Анасы Лариса Кремпина ұлының спортқа деген қызығушылығын қолдап, оның болашағын үлкен үміт күтетінін айтады. Дмитрийдің жетістігі – оның табандылығы мен жаттықтырушысы Мадияр Кемелжанның еңбегінің нәтижесі. Жаттықтырушының

айтуынша, бұл жеңіс – болашақ ірі додаларға жасалған алғашқы қадам ғана, алдағы уақытта шәкіртін үлкен халықаралық ареналарда көруді жоспарлап отыр.

«Oceanman» жарысы – ашық суда жүзуден әлемдік деңгейдегі ең беделді турнирлердің бірі. Ол жыл сайын әртүрлі елдерде өткізіліп, кәсіпқойлар мен әуесқой спортшыларды бір платформада жинайды. 2025 жылы бұл жарыстар Аргентина, Таиланд, Бразилия, Филиппин, Колумбия, Испания, Италия, Грекия, Украина, Малайзия, Мексика, Египет, Доминикан Республикасы және Кипр секілді елдерде өтеді деп жоспарланған. Қазақстан да бұл халықаралық жарыстан тыс қалған жоқ. Алдағы жылы шілде айында Қапшағайда (қазіргі Қонаев қаласы) аталмыш жарыс ұйымдастырылып, отандық спортшыларға әлемдік деңгейде өздерін көрсетуге үлкен мүмкіндік береді.

Қонаев қаласында жүзу спортының да-

муына қажетті инфрақұрылым шектеулі. Қазіргі уақытта қалада тек бір ғана «Айдария» бассейні жұмыс істейді, оның қызметтері ақылы негізде ұсынылады. Дегенмен, мекеме көпбалалы отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы жеңілдіктер қарастырады. Бүгінде бассейнде 115 бала жаттығады, олардың ішінде шамамен 20-сы ерекше қажеттіліктері бар балалар. Осындай шектеулі мүмкіндіктерге қарамастан, жас спортшылар халықаралық ареналарда өздерін көрсетіп, лайықты нәтижелерге қол жеткізіп келеді.

Дмитрий Кремпиннің жеңісі жас спортшыларға үлгі болып, Қазақстандағы жүзу спортының дамуына жаңа серпін береді деп сенеміз. Оның бұл табысы – талмай еңбектенудің, үлкен мақсаттар қоюдың және оларды жүзеге асыру жолында тынымсыз жұмыс істеудің жарқын дәлелі.

Шолпан Қараева

СТИХИЯЛЫҚ САУДА – ДЕНСАУЛЫҚҚА ТӨНГЕН ҚАУІП

СТИХИЯЛЫҚ САУДА – ШЫҒУ ТЕГІ БЕЛГІСІЗ АЗЫҚ-ТҮЛІК САТЫЛАТЫН ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ НОРМАЛАР САҚТАЛМАЙТЫН ОРЫН. МҮНДАЙ ӨНІМДЕР АЗАМАТТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЕЛЕУЛІ ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ.

Стихиялық сауда – шығу тегі белгісіз азық-түлік сатылатын және санитарлық нормалар сақталмайтын орын. Мұндай өнімдер азаматтардың денсаулығына елеулі қауіп төндіреді.

Бүгінгі таңда стихиялық сауда орындарында көкөністерден бастап, балық пен сүт өнімдеріне дейін кез келген тауарды сатып алуға болады. Алайда, бұл өнімдер гигиеналық талаптарды өрескел бұза отырып, сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік беретін құжаттарсыз сатылады.

Стихиялық сауда орындары көбінесе көлік жолдарының бойында орналасқан-

дықтан, азық-түлік өнімдері шаңға, көлік түтіндеріне сіңіп, денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін. Мұндай сауда орындарында тауарлардың сапасы мен балғындығын бақылау мүмкін емес. Сонымен қатар, сатушылардың өздері санитарлық нормаларды жиі бұзады: азық-түліктер анти-санитариялық жағдайларда сақталады, қажетті температуралық режим сақталмайды, өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар жоқ, ал сатушылар міндетті медициналық тексеруден өтпеген және санитарлық киімсіз жұмыс істейді. Сатып алушылар стихиялық сауданың

денсаулыққа зиян келтіретінін және кей жағдайда өлімге әкелуі мүмкін екенін есте ұстауы тиіс. Мысалы, ет және балық өнімдері сальмонеллез, бруцеллез сияқты қауіпті ауруларды тудыруы мүмкін. Үй жағдайында дайындалған консервілер ботулизмге себеп болса, тез бұзылатын тағамдар ішек инфекциялары мен тағамнан улануға алып келуі ықтимал.

Өзіңізді және жақындарыңызды сапасыз азық-түлік өнімдерінен қорғау үшін қарапайым ережелерді сақтауды ұсынамыз:

1. Стихиялық сауда орындарынан азық-түлік сатып алмаңыз.

2. Сапасына күмән келтіретін азық-түлік пен үй жағдайында дайындалған өнімдерді тұтынбаңыз.

3. Азық-түлікті сатып алу кезінде сақтау мерзіміне және шарттарына назар аударыңыз, оларды жапсырмада көрсетілген талаптарға сәйкес сақтаңыз.

4. Сауда желісінен азық-түлік сатып алғанда, оның сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарды талап ету құқығыңызды пайдаланыңыз.

Құрметті қала тұрғындары, өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың амандығын ойлап, стихиялық сауда орындарынан азық-түлік сатып алмаңыз.

«Қонаев қаласының СЭББ» РММ басшысы Н. Медетов

1. «медициналық қалдықтарды кәдеге жарату» тақырыбына қоғамдық тыңдау
2. Әсер ету аумағы: Алматы обл., Алатау қ., өнеркәсіптік аймақ, №137/1 «Арна» учаскесі
3. Қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдаулар 04.02.2025 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде өтеді. Интернет ресурстары: ecorportal.kz
4. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «EL company (ЕЛ компания)» ЖШС
Өкілі: Ким Евгения Викторовна
Байланыс телефоны: 8 747 500 40 30
5. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі материалдар сайтта орналастырылған: ecorportal.kz және «Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ
6. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату материалдары бойынша қосымша ақпаратты Алматы қаласы, Затаевич көшесі 6, тел: 8 747 5004030 мекенжайы бойынша танысуға болады
7. Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: ecorportal.kz және электрондық поштаға gkr_proekt@mail.ru

Құрметті Қонаев қаласы мен Шеңгелді ауылдық округінің тұрғындары!

Осыдан 2 жыл бұрын Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен Шеңгелді ауылдық мәдениет үйінің жанынан ашылған «Қабан жырау» атындағы жыр-терме сыныбына жас талантты өнерпаздарды қабылдау жалғасуда. Ата-бабаларымыздан ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан қасиетті өнерді жалғастырамыз деушілерге есіміз арқашанда ашық. «Қабан жырау» атындағы жыр-терме сыныбының жетекшісі Райымбек Медеубаев. Байланыс телефоны: 8 700 086 5717.

1. Общественные слушания на тему «Утилизация медицинских отходов»
2. Территория воздействия: Алматинская обл., г. Алатау, промышленная зона, участок «Арна» №137/1
3. Общественные слушания в форме публичной дискуссии состоятся в период с 04.02.2025 г. в течение 10-ти рабочих дней. Интернет ресурс: ecorportal.kz
4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «EL company (ЕЛ компания)»
Представитель: Ким Евгения Викторовна
Контакты: тел. 8 747 500 40 30
5. Материалы по утилизации медицинских отходов размещены на сайте: ecorportal.kz и ГУ «Управление природных ресурсов и регулирование природопользования Алматинской области»
6. Дополнительную информацию по материалам утилизации медицинских отходов можно ознакомиться по адресу и номеру: г. Алматы, ул. Затаевича 6, тел: 8 747 5004030
7. Замечания и предложения принимаются по ссылке ecorportal.kz и на электронную почту gkr_proekt@mail.ru

Разыскиваются наследники гражданина Талгарбекова Кайрата Аитбековича, умершего 13 января 2025 года. Заявления о принятии или об отказе от наследства будут приниматься до 13 июля 2025 года по адресу: Алматинская область, город Қонаев, 4-ый микрорайон, дом 29, Нотариус Бахтияров Азамат Сейтожаевич. Телефоны для справок: 87788904242

Договор купли продажи садового дома с земельным участком от 15 мая 2018 года, реестровый № 1196 на имя Сыбанбаева Самата Акановича, в связи с утерей считать недействительным.

АЛИМЕНТЫ И УСЛУГИ ЧСИ: ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ ДОЛЖНИКУ

Вопрос оплаты услуг ЧСИ регламентируется приказом Министра юстиции РК «Об установлении тарифов на услуги частного судебного исполнителя». Подобно тому, в документе указано, что расходы на услуги ЧСИ составляют 1 МРП в квартал от суммы, подлежащей взысканию с должника.

Согласно закону «Об исполнительном процессе и статусе судебных исполнителей», оплата услуг ЧСИ осуществляется в рамках исполнительного производства за счет средств должника. Однако, в соответствии с пунктом 1 статьи 117-1, в случае дела о взыскании алиментов оплата может быть осуществлена из госбюджета, если присутствуют следующие обстоятельства: задолженность превышает срок в три месяца, связанных с поиском должника и если у него нет постоянных доходов, места работы и имущества, которое можно использовать для взыскания.

В указанных случаях, когда необходимо применять принудительные действия по исполнительным документам, а должник не имеет работы, судебный исполнитель оплачивается за счет государственного бюджета. Сумма составляет 15 МРП.

То есть, если должник, обязанный платить алименты, имеет работу, то он оплачивает услуги ЧСИ – 1 МРП каждый квартал до окончания срока выплат. В ситуации отсутствия доходов или имущества у обязанного к выплатам алиментов, оплату услуг ЧСИ берет на себя государство – единовременная выплата составит 15 МРП по каждому исполнительному документу.

**Нуржан Смагулов –
частный судебный исполнитель
Алматинской области.**



Алматы облысы Полиция департаменті «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағына және «Ішкі істер органдарына түсетін үміткерлер үшін бастапқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидаларын және оны ету шарттарын, сондай-ақ оларды бастапқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 211 бұйрығына сәйкес бастапқы кәсіптік даярлыққа іріктеу жүргізеді. Ішкі істер органдарының атауы: Алматы облысы Полиция департаменті мемлекеттік мекемесі, орналасқан жерінің мекенжайы және конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау үшін пошталық мекенжайы: 040000, Алматы облысы, Қонаев қаласы, Индустриальная көшесі, 1 үй, мекеменің электрондық мекенжайы: police_almbobl@mail.ru. мекеменің интернет сайты: <http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/almo/MAIN> кадр қызметінің байланыс телефондары мен факс нөмірлері: 8(771) 825-12-93, негізгі талаптар: Қазақстан Республикасы азаматтарының Ішкі істер органдарына қызметке орналасуға құқығы бар, Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін, жасы 18-ден кем емес, денсаулығы жақсы және дене дайындығы 170 см-ден төмен емес, тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі қалалық, аудандық бөлімдерде есепте тұрған және саптық қызметке жарамды деп танылған, қатардағы және кіші басшы құрам лауазымдарына 35 жасқа дейінгі, мерзімді әскери қызмет өткерген, орта білімнен төмен емес білімі бар адамдар қабылданады., орта басшы құрам лауазымдарына жасы 35-тен аспаған (шекті жасқа жеткен кезде ІІМ желісі бойынша оларда зейнетақы құқығы туындаған жағдайда) жоғары заң білімі бар адамдар қабылданады, сонымен қатар спорттық, жауынгерлік күрес түрлері және атыс бойынша біліктілік разрядтары бар адамдарға: спорт шеберіне, спорт шеберіне кандидаттарға ерекше көңіл бөлінеді. Құжаттарды қабылдау бос лауазымдар тізімдері жарияланған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

2025 жылдың қаңтар айының 22 күніне Алматы облысы Полиция департаментінің бос лауазымдар тізімі (1 кезек)

Санаттар	Лауазымдардың атаулары	Біліміне қойылатын талаптар	Кәсіби міндеттеріне қойылатын талаптар (қызмет спецификасын көрсететін)	ПД бөлімдерінің атаулары, бос лауазымдардың саны
C-SVO-7	Бас санитарлық дәрігер	Орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз ететін жоғары медициналық (әскери-медициналық) білім.	Осы санат бойынша лауазымдық міндеттерді орындау үшін қажетті білім. Осы санат бойынша арнайы сертификаттың болуы. Клиникалық, эксперименттік және медициналық (әскери-медициналық) желілері бойынша жұмыс өтілінің бар болуы.	Әскери-дәрігерлік комиссиясы
C-SN-8***	Саптық бөлінісінң инспекторы	Орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз ететін жоғары білім немесе арнайы және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім.	Осы санат бойынша лауазымдық міндеттерді орындау үшін қажетті білім. Қарулы Күштер қатарында қызмет өткеру немесе Қазақстан Республикасының оқу орындары жанындағы әскери кафедра курстарын аяқтау. Курес түрлері бойынша немесе ату бойынша спорттық, біліктілік разрядтарының болуы (қосалқы қызмет қызметкерлерін қоспағанда).	Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ бөлінісі
C-SVR-8	Жедел уәкіл	Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер.	Қалалық және аудандық басқарма, бөлімдерінің қриминалдық полиция бөлімдері мен бөлімшелері
C-SVR-8	Тергеуші	Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары заңгерлік	Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер. Тиісті ұйымдастырушылық және басқарушылық дағдыларының бар болуы.	Қалалық және аудандық басқарма, бөлімдерінің тергеу бөлімдері
C-SVR-4	Учаскелік полиция инспекторлары тобының участкелік полиция инспекторы	Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары заңгерлік	Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер. Қарулы Күштер қатарында қызмет еткен. Тиісті ұйымдастырушылық және басқарушылық дағдыларының бар болуы.	Қалалық және аудандық басқарма, бөлімдерінің жергілікті полиция қызметі бөлімдері, бөлімшелері
C-SVR-8	Инспектор	Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер.	Қалалық және аудандық басқарма, бөлімдерінің әкімшілік полиция бөлімі әкімшілік тәжірибе тобы
C-SVR-8	Инспектор	Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер.	Қалалық және аудандық басқарма, бөлімдерінің жергілікті полиция қызметі отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімше топтары
C-SV-12***	Жүргізуші -полицейі	Орта білім	Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер. Мемлекеттік тілді білу. Қарулы Күштер қатарында қызмет ету, жүргізуші куәлігінің болуы, Жол қозғалысы ережелерін және көлік құралдарын жүргізу дағдыларын білу.	Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ бөлінісі
C-SV-12	Жүргізуші -полицейі	Орта білім	Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер. Мемлекеттік тілді білу. Қарулы Күштер қатарында қызмет ету, жүргізуші куәлігінің болуы, Жол қозғалысы ережелерін және көлік құралдарын жүргізу дағдыларын білу.	Қалалық және аудандық басқарма, бөлімдерінің қылмыс жасағаны үшін күдіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторлары
C-SV-13	Техник	Орта білім	Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер. Қарулы Күштер қатарында қызмет ету.	Аудандық бөлімшелердің кеңсесі

Департамент полиции Алматинской области в соответствии с пунктом 2 статьи 7 Закона Республики Казахстан от 6 января 2011 года «О правоохранительной службе» и приказом МВД Республики Казахстан от 13 марта 2020 года № 211 «Об утверждении Правил отбора на первоначальную профессиональную подготовку и условия ее прохождения для лиц, поступающих в органы внутренних дел, а также основания их отчисления от первоначальной профессиональной подготовки» проводит отбор на первоначальную профессиональную подготовку. Наименование органа внутренних дел: Государственное Учреждение Департамент полиции Алматинской области, адрес местонахождения и почтовый адрес для приема документов на участие в конкурсе: 040000, Алматинская область, город Қонаев, улица Индустриальная, № 1, электронный адрес учреждения: police_almbobl@mail.ru, интернет сайт учреждения: <http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/almo/MAIN>, номера контактных телефонов и факса кадровой службы: 8(771) 825-12-93, основные требования: поступать на службу в органы внутренних дел имеют право граждане Республики Казахстан, соответствующие условиям Законам требований, возраст не моложе 18 лет, имеющие хорошее состояние здоровья и физическую подготовленность, рост не ниже 170см., состоящие на учете в городских, районных отделах по делам обороны по месту жительства и признанные годными к строевой службе, на должности рядового и младшего начальствующего состава принимаются лица в возрасте до 35 лет, прошедшие срочную военную службу, имеющие образование не ниже среднего, на должности среднего начальствующего состава принимаются лица в возрасте не старше 35 лет (при условии возникновения у них права на пенсию по линии МВД при достижении предельного возраста), имеющие высшее юридическое образование, наряду с этим, особое внимание уделяется лицам имеющим спортивные, квалификационные разряды по боевым видам борьбы и стрельбе: кандидаты в мастера спорта, мастера спорта. Прием документов осуществляется в течение десяти рабочих дней с момента публикации списков вакантных должностей.

СПИСОК

вакантных должностей ДП Алматинской области по состоянию на 22 января 2025 года (1 этап)

Категории	Наименование должности	Требования к образованию	Требования к профессиональным характеристикам (отражающим специфику деятельности)	Наименование подразделений ДП
C-SVO-7	Главный санитарный врач	высшее медицинское (военно-медицинское) образование, соответствующее функциональным направлениям конкретной должности	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории. Сертификат специалиста, опыт клинической и (или) экспертной работы в медицинских (военно-медицинских) учреждениях (организациях).	Военно-врачебная комиссия
C-SN-8***	Инспектор	высшее образование или техническое и профессиональное, последующее образование, обеспечивающее подготовку специалистов среднего звена.	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории. Прохождение службы в рядах Вооруженных Сил или окончание курсов Военной кафедры при учебных заведениях Республики Казахстан. Наличие спортивных, квалификационных разрядов по боевым видам борьбы или по стрельбе.	Специальный отряд быстрого реагирования
C-SVR-8	Оперуполномоченный	высшее образование, соответствующее функциональным направлениям конкретной должности	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории.	Отделы и отделения криминальной полиции городского и районного управления отделов
C-SVR-8	Следователь	Высшее профессиональное, соответствующее функциональным направлениям конкретной должности	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории.	Следственные отделы городских и районных подразделений
C-SVR-4	Участковый инспектор полиции группы участковых инспекторов полиции	высшее образование, соответствующее функциональным направлениям конкретной должности	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории.	Отделы местной полицейской службы городских и районных подразделений
C-SVR-8	Инспектор	высшее образование, соответствующее функциональным направлениям конкретной должности	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории.	Отделы административной полиции городских и районных отделов отделения полиции
C-SVR-8	Инспектор	высшее образование, соответствующее функциональным направлениям конкретной должности	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории.	Отделы и отделения местной полицейской службы по борьбе с семейно-бытовым насилием
C-SV-12***	Полицейский - водитель	Среднее образование	Соответствующие навыки и другие обязательные знания, необходимые для исполнения функциональных обязанностей по должностям данной категории. Знание государственного языка. Служба в рядах Вооруженных Сил, наличие водительского удостоверения, знание правил дорожного движения и навыков вождения транспортных средств.	Специальный отряд быстрого реагирования
C-SV-12	Полицейский - водитель	Среднее образование	Соответствующие навыки и другие обязательные знания, необходимые для исполнения функциональных обязанностей по должностям данной категории. Знание государственного языка. Служба в рядах Вооруженных Сил, наличие водительского удостоверения, знание правил дорожного движения и навыков вождения транспортных средств.	Изоляторы временного содержания под стражей лиц подозреваемых и обвиняемых в совершении преступлений городских и районных подразделений
C-SV-13	Техник	Среднее образование	Соответствующие навыки и другие обязательные знания, необходимые для исполнения функциональных обязанностей по должностям данной категории. Служба в рядах Вооруженных Сил, наличие водительского удостоверения.	Канцелярии районных подразделений.

КЛИНИКАЛЫҚ ПРАКТИКАҒА ЖІБЕРУ ҮШІН МАМАН СЕРТИФИКАТЫН БЕРУ ТӘРТІБІ

Медициналық және (немесе) фармацевтикалық білімнің білім беру бағдарламасын, денсаулық сақтау саласындағы өзге де білім беру бағдарламасын меңгерген үміткерлер, сондай-ақ үміткерлердің Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатын (будан әрі-сертификат) алу үшін басқа мамандықтар бойынша қосымша білім алған үміткерлер - көрсетілетін қызметті (алушы) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық Департаментіне Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы «Денсаулық сақтау саласындағы мамандық сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы мамандық сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығының (одан әрі-Бұйрық) 1-ші және 2-қосымшаларына сәйкес «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы www.egov.kz, www.elicense.kz бекітілген нысан бойынша өтініш жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қарауының және қорытындыны (рұқсат беру құжатын) беруінің жалпы мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі Бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес нысандар бойынша тиісті қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Туындаған сұрақтар бойынша келесі телефонға хабарласуға болады: **8 (772772) 2-38-57**

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ЛИЦЕНЗИЯ БЕРУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының аумағында медициналық қызметті жүзеге асыру үшін жеке немесе заңды тұлғалар (будан әрі - көрсетілетін қызметті алушылар) «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жібереді www.egov.kz, www.elicense.kz Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық департаменттеріне жібереді (будан әрі -Қызметті беруші).

Көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 1 маусымдағы № ҚР ДСМ-59/2020 бұйрығымен бекітілген (Сілтеме: <http://10.61.42.188/rus/docs/V2100022034> «Медициналық қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларының 2-тарауының 6-тармағына сәйкес тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті ақпаратты алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету рұқсат беру бақылауы көрсетілетін қызметті алушының медициналық қызметтің кіші түрін жүзеге асыру орны бойынша бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тәртібімен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері: лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде - 13 (он үш) жұмыс күні; лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 3 (үш) жұмыс күні; қағаз нысанда берілген лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын беру кезінде - 2 (екі) жұмыс күні.

Туындаған сұрақтар бойынша келесі телефонға хабарласуға болады: **8 (772772) 2-38-57**

BLOCKCHAIN - ПРОЕКТ ПО РЕГИСТРАЦИИ НЕДВИЖИМОСТИ

Отдел города Қонаев по регистрации и земельному кадастру Филиала некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по Алматинской области Филиала НАО Госкорпорации по Алматинской области и предоставляет информацию касательно - Blockchain. Данная программа позволяет в электронном виде регистрировать залог недвижимого имущества на основании договора залога, заключенных между Банками с физическими лицами

Программа Blockchain сохраняет и передает данные в виде последовательности связанных с блоков. Каждый блок содержит информацию и ссылку на предыдущий - вместе они образуют цепочку. Так данные в Blockchain защищены от изменений и фальсификации. Заявки с необходимыми документами на рассмотрение поступают автоматически в информационную систему ЕГКН.

Преимущества технологии Blockchain: 1. Регистрация договора купли-продажи из 3 дней до 2 часов.

2. Онлайн оформление безотарийной сделки (без участия нотариусов и ЦОН).

3. Исключение посещения ЦОН.

4. Сокращение предоставляемых бумажных документов.

5. Экстерриториальность.

6. Интеграция информационных систем.

На сегодняшний день блокчейн применяется при регистрации договоров залога, аренды жилья, заключение договоров цессии и дополнительных соглашений.

Главный специалист-регистратор Казбеков А.А.

ТАЛҒАРДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ

ТАЛҒАР АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ӘКЕНІҢ ҚАС-ҚАБАҒЫ – БАЛАНЫҢ БАС САБАҒЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ӘКЕЛЕР ФОРУМЫ БОЛЫП ӨТТІ. ФОРУМНЫҢ МАҚСАТЫ – ӘКЕНІҢ ОТБАСЫ МЕН ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ӘКЕЛЕР ИНСТИТУТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ. ФОРУМҒА ҒАЛЫМДАР МЕН ҰСТАЗДАР, ПРОКУРАТУРА ӨКІЛДЕРІ, АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БАСҚАРМАСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІЛЕРІ, ӘКЕЛЕР МЕН БАҚ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Форумда Талғар ауданының әкімі Айдарбеков Таңат Есенкелдіұлы сөз сөйлеп, бүгінгі қоғамдағы әкенің рөлі мен жауапкершілігінің өте маңызды екенін, олар бала үшін еліктеудің нағыз үлгісі мен олардың өміріндегі ең басты адам екенін айтты.

Аудан прокуратурасының аға прокуроры Диас Сұлтан кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар туралы нақты деректер мен дәйектерге сүйене отырып, баяндама оқып, құқық бұзушылар туралы қысқа метражды деректі фильм көрсетті. Баяндамашы әкелер қауымына құқық бұзушылық заңды, оның қағидаларын құқықтық нормалар жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау, сонымен қатар заңды бұзушылық қоғам мен жеке тұлғаларға зиян келтіретін және құқықтық нормаларға қарсы әрекет немесе әрекетсіздік болып табылатындығын тағы да бір естеріне салып, тәртіпті әркім өз отбасында бастауы тиіс деген тұжырым жасады.

Форумда Алматы облысының бас биі, Талғар ауданының құрметті азаматы Камнұр Тәлімұлы қазақ халқындағы әкенің рөлі мен орнын өз арнауында жыраулар поэзиясына сүйене отырып, тамаша жеткізді. Халқымыз әкені отбасының тірегі, балаларына пана, ұрпағының қоғаушысы деп «Асқар тауға» теңеп, оның рөлі мен орнын тек отбасымен шектемей, әке тәрбиелеген ұрпақ тұтас елдің болашағы ретінде қараған. Сонымен қатар Камнұр Тәлімұлы тек қана тәлім-тәрбиенің сөзбен емес, тәрбиені нақты өнегемен, іспен дәлелдеуі керектігін айтып, оны дәл сол жерде немересінің жақсы ісімен көрсетті. Камнұр Тәлімұлының бес жасар немересі Абай, Мұқағали жырларын жаңылмастан айтып берді.

«Ұл тәрбиесіндегі әкенің рөлінің маңызы» тақырыбында Сүлеймен Демирел атындағы университеттің оқытушысы Омарбек Көшкімбайұлы тренинг өткізіп, жиналған әкелермен кері байланыс жасап, тест алып, жауабын бірге талқылады.



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының докторанты Акимбаева Жазира Жайлаубекқызы «Мен, сенің өміріңнің жалғасымын» тақырыбында тренинг өткізіп, жиналған әкелер қауымына бірнеше ой шақыратын сұрақтар қойды. Атап айтсақ, «Сіздің отбасыңызда әкенің орны мен беделі қандай?», «Отбастарыңызда қандай ережелер бар?», «Неліктен көптеген отбасында әкелер беделі материалдық құндылықпен өлшенеді?», «Баланы неліктен сөзбен емес іспен тәрбиелеу керек?» және т.б.

Жазира Жайлаубекқызы өз тренингінде жиналған қауымға теорияны нақты қарапайым жаттығулар жасату арқылы тұжырымдап, сөзін ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Баланы үйінде ұлша тәрбиелесең – ұл болады, құлша тәрбиелесең – құл болады» деген сөзімен аяқтап, әкелерді әрқашан асқақ болуға шықырып, бір

әкенің бергенін білімін жүз мектеп те бере алмайтынын естеріне салды. Форумдағы Шоқан Мұратұлының «Асқар тау – Әке» композициясы өте сәтті шықты және талай тыңдаушығы ой салғаны анық. Ауданның психологтары психологиялық тренинг ұйымдастырды. Форум соңынан жиналған әкелер пікір алмасып, өз ойларын ортаға салды.

«Әкенің қас-қабасы – баланың бас сабағы» тақырыбында әкелер форумын ұйымдастырған Талғар ауданы бойынша білім бөліміне, Алматы облысы білім басқармасының Талғар ауданы бойынша білім бөлімі ММ-нің басшысы Айнакүл Мұханқызы Үшкемпірова алғысымызды білдіреміз.

Ж. АКИМБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының докторанты

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА 11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ӘСКЕРИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ КУРСАНТТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚОНАЕВ ҚАЛАЛЫҚ №3 ОРТА МЕКТЕПТЕ ӘСКЕРИ ОҚУ ОРНЫНДА ОҚИТЫН КУРСАНТТАРМЕН ҚАЛАДАҒЫ 11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КЕЗДЕСУІ ӨТТІ.

Жиынды ашқан қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарманың әскерге шақыруды ұйымдастыру және әскерден тыс бөлімінің бастығы Жәмила Бұхарбаева басқосудың мақсат-міндетіне тоқталды.

– Бүгінде қорғаныс саласына қажетті әскери мамандарды оқытатын 3 негізгі әскери институт бар. Олар – Сағат Нұрмағамбетов атындағы құрлық әскерлерінің әскери институты, Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институты, Ақтөбе қаласындағы Кеңес одағының екі мәрте батыры Талғат Бигелдинов атындағы әуе қорғаныс күштерінің әскери институты. Қазір білекке емес, білімге сенетін заман. Уақыт өткен сайын талап та күшеюде. Әскери саланы таңдаған түлектің білімінің әрі дене даяр-

лығының көрсеткіші жоғары болуы керек. Талапкерлер арасында бірдей ұпаймен талас болған жағдайда білім бәйгелері мен спорттық жетістіктер ескеріледі. Одан кейін талапкердің интеллектісі маңызды орын алады. Өйткені ол жерде болашақ офицер даярланады, – деді бөлім басшысы Жәмила Бүркітқызының айтуынша, еліміздегі әскери мамандар даярлаудың ұстаханасы саналатын Сағат Нұрмағамбетов атындағы құрлық әскерлерінің әскери институты 11 мамандық бойынша офицер кадрлар даярлайды. 3 әскери институтқа да оқуға ниет білдіруші 25 шілдеге дейін жергілікті әскери басқару органдарына өтініш береді. Жыл сайын ҚР Қорғаныс министрлігінің Әскери білім және ғылым департаменті 20 маусымға дейін

қабылдау және апелляциялық комиссиялардың құрамын, міндеттерін, қабылдау комиссиясының жұмыс жоспарын бекітеді. Жоғары әскери оқу орындарына қабылдау 1-25 тамыз аралығында өтеді. Әскери білім мекемесін таңдағын түлек әуелі ҰБТ қорытындысын апарды. Институттардың талабы – тестілеудің балы жоғары болуы.

Келесі кезекте мінберге шыққан Илияс Қажымұқан өзінің Балқаш ауданында туып-өскенін, бүгінде Сағат Нұрмағамбетов атындағы құрлық әскерлерінің әскери институтының 1-курсында оқып жатқаны, оқу орнына қабылдану үшін қандай сынақтан өткені және курсанттық өмірі жайлы тілге тиек етті. Сонымен бірге әскери оқуға барғысы келетін жастардың көпшілігі барлау және десанттық шабуылдаушы мамандықтарына барғысы келетінін, өйткені оны бітірген соң арнайы бөлімдерге түсуге мүмкіндік болатынын атап өтті.

Аталған әскери оқу орнының курсанттары Әділет Кеңесов пен Әнуар Хамитов өздерінің Қонаев қалалық орта-мектеп-гимназиясының түлектері екенін айтып, бітіруші түлектерді әскери оқу орындарына түсуге шақырып, қандай мамандықтарды меңгеруге болатынын айта келе, оқуға қабылдау ережесімен таныстырды.

Сондай-ақ Қасым Қайсеков атындағы №4 орта мектептің 11-сынып оқушысы Ерсултан Әркен болашағын әскери саламен байланыстырғысы келетінін және бүгінгі кездесуде өзіне қажетті толық ақпарат алғанын жеткізіп, осындай маңызды басқосуды ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді.

Кездесу соңында оқушылар курсанттарға өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, толымды жауап алды.

Ерлік Кебекбай



МФО И БАНКИ: КАК ДЕЙСТВУЮТ ЧСИ?

Не всегда заемщики банков и МФО возвращают долги в срок, а некоторые и вовсе отказываются платить сразу после получения займа. В таком случае, кредитная организация или финансовая компания вынуждены прибегать к взысканию долгов со своего клиента. Законом об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей полностью раскрыты все этапы и нюансы судебного взыскания.

В частности, судебный исполнитель может использовать целый ряд мер принудительного взыскания долга с нерадивого заемщика. А именно: наложить арест на имущество, деньги, ценные бумаги, которые находятся у должника или у других физических и юридических лиц, накладывать арест на счета в банках, изымать движимое или недвижимое имущество у должника, запрещать должнику совершать определенные действия – отчуждать имущество, передавать право на ценные бумаги, опечатать имущество должника и запрещать заемщику использовать имущество или деньги, которые находятся в собственности у должника.

Закон также говорит о том, что судебный исполнитель вправе применять сразу несколько подобных мер в рамках одного исполнительного производства. Так или иначе, но судебные исполнители добиваются оплаты долга и возвращают непогашенные кредиты обратно взыскателям.

Важно понимать, что в случае отсутствия имущества и дальнейшего уклонения от уплаты задолженности законодателем предусмотрено привлечение должников к административной и к уголовным ответственностям.

Айдос Канатбеков - частный судебный Алматинской области.

МЕНШІК ИЕСІ:
«ҚАПШАҒАЙ ТЫНЫСЫ» ЖШС

ДИРЕКТОР
ҚАЙРАТ ТӨЛЕГЕНОВ

БАС РЕДАКТОР
НАЗЕРКЕ ИНАҚЫНОВА

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ-ДИЗАЙНЕР
ДӘУЛЕТ ЖОЛДАС

БАС МАМАН: АЯН ҚОНАРОВ,
+7 707 612 68 90

ЗАҢҒЕР: АДАЙБЕК БЕЙМБЕТОВ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ, 19-ШАҒЫН АУДАН
1 «Г» ҮЙ, 2-ҚАБАТ, 040800.
ТЕЛ.: 8 (72772) 2-83-80
ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТАМЫЗ:
E-MAIL: NURLIOLKE@MAIL.RU

ГАЗЕТ КӨЛЕМІ
2 БАСПА ТАБАҚ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІНДЕ
2023 ЖЫЛ
3 АҚПАНДА ҚАЙТА ТІРКЕЛІП,
№KZ87VPY00064035
КҮӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

- **ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН, КОРЕЙ ТІЛДЕРІНДЕ АПТАСЫНА БІР РЕТ ЖУМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.**
- **АВТОРЛАРДЫҢ МАҚАЛАЛАРЫ РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.**
- **КЕЙБІР МӘТІНГЕ ҚАТЫСЫ ЖОҚ СУРЕТТЕРГЕ ЖАУАП БЕРІЛМЕЙДІ.**
- **ГАЗЕТ РЕДАКЦИЯСЫ АВТОРЛАРМЕН ХАТ АЛЫСПАЙДЫ. МАҚАЛАЛАР ӨНДЕЛЕДІ, АВТОРЛАРҒА ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. «НҮРЛЫ ӨЛКЕ» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРГЕН МАҚАЛА КӨШІРІЛІП БАСЫЛСА, СІЛТЕМЕ ЖАСАЛУЫ МІНДЕТТІ. ЖАРНАМА МЕН ХАБАРЛАНДЫРУЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МӘТІНІНЕ ЖАРНАМА БЕРУШІ ЖАУАПТЫ.**
- **КОМПЬЮТЕРГЕ ТЕРІЛГЕНДЕ 6 БЕТТЕН АСҚАН МАТЕРИАЛ ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ.**

ГАЗЕТ «НҮРЛЫ ӨЛКЕ» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫНДА БЕТТЕЛІП, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ІЛЕ АУДАНЫ ӨТЕГЕН БАТЫР АУЫЛЫ СЕЙФУЛЛИН КӨШЕСІ 2 «В» «ПРИНТ ПЛЮС» ЖШС БАСПАХАНАСЫНДА БАСЫЛЫП ШЫҒАРЫЛДЫ.
Тел. 8 (727) 251-78-27,
Осы шығарылымның таралымы – 5135 дана.